78. Банк айналысқа шығарылған бағалы қағаздарды өтеу кезінде сыйақы және сыйлықақы/дисконт амортизациясын есептегеннен кейін банк төлеген ақша сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2301	Айналысқа шығарылған облигациялар
	2303	Айналысқа шығарылған басқа да бағалы қағаздар
	2406	Реттелген облигациялар
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2010	Корреспонденттік шоттар.

6-тарау. РЕПО және кері РЕПО операцияларының бухгалтерлік есебі

79. РЕПО операцияларын жүзеге асыру кезінде мәміле сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
Кт	2255	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары.

80. "РЕПО" операциясы бойынша сыйақы түрінде шығысты есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	5250	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша шығыс
Кт	2725	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша есептелген шығыс.

81. РЕПО операциясы бойынша бұрын берілген бағалы қағаздарды алған кезде РЕПО операциясы бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыс сомасына және РЕПО

операциясын жабу сомасына (осы мәміле жасалған кезде белгіленген мәмілелерді жабу құны) мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2255	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары
	2725	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша есептелген шығыс
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар.

82. Кері РЕПО операциясын жасаған кезде (бағалы қағаздарды сатып алу кезінде) операция сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1461	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар.

83. "Кері РЕПО" операциясы бойынша сыйақыны есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1748	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша есептелген шығыс
Кт	4465	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша кіріс.

84. Қабылдаушы тараптың қамтамасыз ету ретінде "кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған бағалы қағаздарды сатуы кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
Кт	2257	"РЕПО" операциясы бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттеме.

85. Эмитенттен қамтамасыз ету ретінде "кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот

	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
Кт	2256	"Кері РЕПО" операциялары бойынша берілген бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттеме.

86. Қамтамасыз ету ретінде "кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттемені қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

міндеттеме құнын теріс түзету сомасына:

Дт	5260	"Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттемені қайта бағалаудан болған шығыс
Кт	2257	"Кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттеме;

міндеттеме құнын оң түзету сомасына:

Дт	2257	"Кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттеме
Кт	4466	"Кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттемені қайта бағалаудан түскен кіріс.

87. "Кері РЕПО" операциясы бойынша бұрын алған бағалы қағаздарды берген кезде "кері РЕПО" операциясы бойынша есептелген сыйақы сомасына және "кері РЕПО" операциясын жабу сомасына (осы мәміле жасалған кезде белгіленген мәмілелерді жабу құны) мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
Кт	1461	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары
	1748	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша есептелген шығыс.

7-тарау. Аффинирленген қымбат металдарды сатып алу және сату операцияларының бухгалтерлік есебі

88. Аффинирленген бағалы металдарды сатып алған кезде мәміле бойынша шығындылықты ескере отырып сатып алу құнына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1011	Аффинирленген бағалы металдар
	1012	Жолдағы аффинирленген бағалы металдар
	1013	Металл шоттарда орналастырылған аффинирленген бағалы металдар
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар.

89. Егер сатып алынған аффинирленген бағалы металдар ұйымның есеп саясатына сәйкес әділ құны бойынша қайта бағаланған жағдайда, мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) егер аффинирленген бағалы металдардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса:

Дт	1011	Аффинирленген бағалы металдар
	1012	Жолдағы аффинирленген бағалы металдар
	1013	Металл шоттарда орналастырылған аффинирленген бағалы металдар
Кт	4704	Аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан болатын кіріс;

2) егер аффинирленген бағалы металдардың есептік құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

Дт	5704	Аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан болатын шығыс
Кт	1011	Аффинирленген бағалы металдар
	1012	Жолдағы аффинирленген бағалы металдар
	1013	Металл шоттарда орналастырылған аффинирленген бағалы металдар.

90. Нұсқаулықтың 89-тармағына сәйкес аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан кейін әділ құны бойынша сатқан кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) аффинирленген бағалы металдарды есептен шығару сомасына:

Дт	5540	Аффинирленген бағалы металдардың баланстық құнын есептен шығару бойынша шығыс
Кт	1011	Аффинирленген бағалы металдар
	1012	Жолдағы аффинирленген бағалы металдар
	1013	Металл шоттарда орналастырылған аффинирленген бағалы металдар;

2) аффинирленген бағалы металдарды сату бойынша жасалған мәміле сомасына:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
Кт	4540	Аффинирленген бағалы металдарды сатудан түскен кіріс.

8-тарау. Туынды қаржы құралдармен операциялардың бухгалтерлік есебі

1-параграф. Форвардтық мәмілелермен операцияларды есепке алу

91. Форвард мәмілесі жасалған күні базалық активті сатып алуға және/немесе сатуға арналған форвард мәмілесінің талаптарына сәйкес шартты талаптар және шартты міндеттемелер сомасына мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт	6205	Бағалы қағаздарды сатып алу бойынша шартты талаптар
	6305	Бағалы қағаздарды сату бойынша шартты талаптар
	6350	Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар
	6405	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар
	6415	Аффинирленген қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптар
Кт	6705	Бағалы қағаздарды сатып алу бойынша шартты міндеттемелер
	6805	Бағалы қағаздарды сату бойынша шартты міндеттемелер
	6850	Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелер
	6905	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер

	6915	Аффинирленген қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер.

92. Банктің есеп саясатында белгіленген мерзімділікпен шетел валютасын сатып алу және/немесе сату бойынша форвард мәмілелерін әділ құны бойынша қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) форвард мәмілесінің әділ құнын оң өзгерту сомасына:

Дт	1892	Форвард операциялары бойынша талаптар
Кт	4560	Бағалы қағаздар бойынша форвард операцияларын қайта бағалаудан болатын кіріс
	4570	Шетел валютасы бойынша форвард операцияларын қайта бағалаудан болатын кіріс
	4580	Аффинирленген бағалы металдар бойынша форвард операцияларын қайта бағалаудан болатын кіріс
	4594	Басқа да туынды қаржы құралдарымен операцияларды қайта бағалаудан болатын кіріс;

2) форвард мәмілесінің әділ құнын теріс өзгерту сомасына:

Дт	5560	Бағалы қағаздар бойынша форвард операцияларын қайта бағалаудан болатын шығыс
	5570	Шетел валютасындағы форвард операцияларын қайта бағалаудан болатын шығыс
	5580	Аффинирленген бағалы металдар бойынша форвард операцияларын қайта бағалаудан болатын шығыс
	5594	Басқа да туынды қаржы құралдарымен операцияларды қайта бағалаудан болатын шығыс;
Кт	2892	Форвард операциялары бойынша міндеттемелер;

3) форвард мәмілесінің әділ құнын оң/теріс түзету сомасына:

Дт	2892	Форвард операциялары бойынша міндеттемелер
Кт	1892	Форвард операциялары бойынша талаптар.

93. Ашық позицияны жабу және/немесе форвард мәмілесін орындау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) базалық активті сатып алуға және/немесе сатуға арналған форвард мәмілесінің талаптарына сәйкес шартты талаптар/міндеттемелер сомасына:

Дт	6705	Бағалы қағаздарды сатып алу бойынша шартты міндеттемелер
	6805	Бағалы қағаздарды сату бойынша шартты міндеттемелер
	6850	Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелер
	6905	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер
	6915	Аффинирленген қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер
Кт	6205	Бағалы қағаздарды сатып алу бойынша шартты талаптар
	6305	Бағалы қағаздарды сату бойынша шартты талаптар
	6350	Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар
	6405	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар
	6415	Аффинирленген қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптар;

2) банк немесе контрәріптес форвард мәмілесінің құнын (ашық позицияны ашу) нетто негізінде ақшамен өтеу кезінде:

форвард мәмілесінің теріс құны кезінде:

Дт	2892	Форвард операциялары бойынша міндеттемелер
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары;

форвард мәмілесінің оң құны кезінде:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	1892	Форвард операциялары бойынша талаптар;

3) базалық активті сатып алу бойынша форвард мәмілесін орындаған кезде:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	1452	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
	1481	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар
	1201	Әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	1892	Форвард операциялары бойынша талаптар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары;

4) базалық активті сату бойынша форвардтық мәмілені орындау кезінде:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2892	Форвард операциялары бойынша міндеттемелер
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	1201	Әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
	1452	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
	1481	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар.

2-параграф. Фьючерстік мәмілелер бойынша операцияларды есепке алу

94. Базалық активті сатып алуға немесе сатуға арналған фьючерстік мәмілені жасау күні фьючерстік мәмілелердің шарттарына сәйкес шартты талаптар мен шартты міндеттемелер сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	6210	Фьючерс операциялары бойынша шартты талаптар
Кт	6710	Фьючерс операциялары бойынша шартты міндеттемелер.

95. Фьючерстік мәмілелердің шарттарына сәйкес маржаны төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1852	Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары.

96. Базалық активті сатып алуға және (немесе) сатуға арналған фьючерстік мәмілені әділ құны бойынша қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) фьючерстік мәміленің әділ құнын оң өзгерту сомасына:

Дт	1891	Фьючерс операциялары бойынша талаптар
Кт	4590	Қаржы фьючерстерін қайта бағалаудан кіріс;

2) фьючерстік мәміленің әділ құнының теріс өзгеру сомасына:

Дт	5590	Қаржы фьючерстерін қайта бағалаудан шығыс
Кт	2891	Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер;

3) фьючерстік мәміленің әділ құны есептелетін оң (теріс) түзету сомасына:

Дт	2891	Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер
Кт	1891	Фьючерс операциялары бойынша талаптар.

97. Банк контрәріптестің пайдасына/контрәріптес банктің пайдасына маржа сомасын төлеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) банк қосымша төлеген маржа сомасына:

Дт	1852	Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу

Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары;

2) контрәріптестен алынған маржа сомасына:

Дт	1852	Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу
Кт	2852	Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу;

3) қор биржасында/брокерде ашылған шоттан рұқсат етілген есептелген маржаны есептен шығару кезінде:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	1852	Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу;

4) қор биржасы/брокер алған маржа сомасына:

Дт	2852	Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу
Кт	1852	Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу.

98. Фьючерстік мәміленің ашық позициясын жабу күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) базалық активті сатып алуға және/немесе сатуға арналған фьючерстік мәміленің талаптарына сәйкес шартты талаптар және шартты міндеттемелер сомасына:

Дт	6710	Фьючерс операциялары бойынша шартты міндеттемелер
Кт	6210	Фьючерс операциялары бойынша шартты талаптар;

2) банк немесе контрәріптес фьючерс мәмілесінің құнын (ашық позицияны жабу) нетто негізінде ақшамен өтеу кезінде:

Дт	2891	Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер

	2852	Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	1852	Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары.

3-параграф. Опцион мәмілелері бойынша операцияларды есепке алу

99. Базалық активті сатып алуға/сатуға арналған "колл/пут" опционын сатып алған күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сатып алынған "колл/пут" опционының шарттарына сәйкес шартты талаптар және шартты міндеттемелер сомасына:

Дт	6225	Сатып алынған опцион операциялары – "колл/пут" бойынша шартты міндеттемелер
Кт	6725	Сатып алынған опцион операциялары – "колл-пут" бойынша шартты міндеттемелер – контршот;

2) сатып алынған "колл/пут" опционы бойынша төленген сыйлықақы сомасына:

Дт	1893	Опцион операциялары бойынша талаптар
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары.

100. Банктің есеп саясатында белгіленген мерзімділікпен, сондай-ақ "колл/пут" опционын орындау күні сатып алынған "колл/пут" опционы әділ құны бойынша қайта бағаланады және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сатып алынған "колл/пут" опционының әділ құнын оң өзгерту сомасына:

Дт	1893	Опцион операциялары бойынша талаптар
Кт	4591	Опцион операцияларын қайта бағалаудан кіріс;

2) сатып алынған опционның әділ құнының теріс өзгеру сомасына:

Дт	5591	Опцион операцияларын қайта бағалаудан шығыс
Кт	1893	Опцион операциялары бойынша талаптар.

101. Ашық позицияны жабу күні сатып алынған "колл/пут" опционын орындау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сатып алынған "колл/пут" опционының шарттары бойынша шартты талаптар және шартты міндеттемелер сомасына:

Дт	6725	Сатып алынған опцион операциялары – "колл/пут" бойынша шартты талаптар – контршот
Кт	6225	Сатып алынған опцион операциялары – "колл/пут" бойынша шартты талаптар;

2) "колл/пут" опцион құнын ақшамен өтеу (ашық позицияны жабу) кезінде:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	1893	Опцион операциялары бойынша талаптар;

3) сатып алынған "колл" опционының шарттары бойынша базалық активті сатып алу кезінде:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	1201	Әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
	1452	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
	1481	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар

	1893	Опцион операциялары бойынша талаптар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары;

4) сатып алынған "пут" опционының шарттары бойынша базалық активті сату кезінде:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	1201	Әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
	1452	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
	1481	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар
	1893	Опцион операциялары бойынша талаптар.

102. Базалық активті сатып алуға/сатуға арналған "колл/пут" опционын сату күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сатылған "колл/пут" опционының талаптары бойынша шартты талаптардың және шартты міндеттемелердің сомасына:

Дт	6325	Сатылған опцион операциялары – "колл/пут" бойынша шартты талаптар – контршот
Кт	6825	Сатылған опцион операциялары – "колл/пут" бойынша шартты міндеттемелер;

2) сатылған "колл/пут" опционы бойынша алынған сыйлықақы сомасына:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары

Кт	2893	Опцион операциялары бойынша міндеттемелер.

103. Банктің есеп саясатымен белгіленген мерзімділікпен, сондай-ақ опцион мәмілесін орындау күні сатылған "колл/пут" опционының әділ құны бойынша қайта бағалау жүргізіледі және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сатылған "колл/пут" опционының әділ құнының оң өзгеру сомасына:

Дт	2893	Опцион операциялары бойынша міндеттемелер
Кт	4591	Опцион операцияларын қайта бағалаудан кіріс;

2) сатылған "колл/пут" опционының әділ құнының теріс өзгеру сомасына:

Дт	5591	Опцион операцияларын қайта бағалаудан шығыс
Кт	2893	Опцион операциялары бойынша міндеттемелер.

104. Ашық позицияны жабу күні сатылған "колл/пут" опционын орындау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сатылған "колл/пут" опционының талаптары бойынша шартты талаптар және шартты міндеттемелер сомасына:

Дт	6825	Сатылған опцион операциялары – "колл/пут" бойынша шартты міндеттемелер
Кт	6325	Сатылған опцион операциялары – "колл-пут" бойынша шартты талаптар – контршот;

2) "колл/пут" опционының құнын ақшамен өтеу (ашық позицияны жабу) кезінде:

Дт	2893	Опцион операциялары бойынша міндеттемелер
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары;

3) базалық активті сатылған "колл" опционының шарттары бойынша сату кезінде:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2893	Опцион операциялары бойынша міндеттемелер

Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	1201	Әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
	1452	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
	1481	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар;

4) базалық активті сатылған "пут" опционының шарттары бойынша сатып алу кезінде:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	1201	Әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
	1452	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
	1481	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар
	2893	Опцион операциялары бойынша міндеттемелер
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары.

4-параграф. Своп мәмілелерін есепке алу

105. Спот және форвард талаптарымен кері сату бар шетелдік валютаны сатып алу бойынша валюталық своп мәмілесі жасалған күні мәміле паспортының негізінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) теңгедегі және шетел валютасындағы талаптар мен міндеттемелер сомасына:

Дт	1895	Своп операциялары бойынша талаптар
Кт	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер;

2) сатып алу бағамы есептік бағамнан төмен болған жағдайда:

Дт	1895	Своп операциялары бойынша талаптар
Кт	4895	Своп операциялары бойынша кіріс ;

3) сатып алу бағамы есептік бағамнан жоғары болған жағдайда:

Дт	5895	Своп операциялары бойынша шығыс
Кт	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер;

4) шетел валютасын кері сату бойынша шартты талаптар мен міндеттемелер сомасына:

Дт	6405	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар (валюталық своп мәмілесі үшін бөлек жеке шот)
Кт	6905	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер (валюталық своп мәмілесі үшін бөлек жеке шот).

106. Своп мәмілесін ашу кезінде валюталау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

сатып алынатын шетел валютасының сомасына:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	1895	Своп операциялары бойынша талаптар;

теңге сомасына:

Дт	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары.

107. Валюталық своп мәмілесін әділ құны бойынша қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) оң айырма сомасына:

Дт	1895	Своп операциялары бойынша талаптар
Кт	4593	Своп операцияларын қайта бағалаудан кіріс;

2) теріс айырма сомасына:

Дт	5593	Своп операцияларын қайта бағалаудан шығыс
Кт	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер;

3) талаптар мен міндеттемелер сомасына:

Дт	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер
Кт	1895	Своп операциялары бойынша талаптар.

108. Валюталық своп мәмілесін жабу кезінде валюталау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

сатылатын шетел валютасы үшін алынатын теңге сомасына және сатылатын шетел валютасының сомасына:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	1895	Своп операциялары бойынша талаптар;

шетел валютасын кері сату бойынша шартты талаптар мен міндеттемелер сомасына мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт	6905	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер (валюталық своп мәмілесі үшін бөлек жеке шот)

Кт	6405	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар (валюталық своп мәмілесі үшін бөлек жеке шот).

109. Спот және форвард талаптарымен кері сатып алумен шетелдік валютаны сату бойынша валюталық своп мәмілесі жасалған күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

шетел валютасын сату бойынша:

1) теңгемен және шетел валютасындағы талаптар мен міндеттемелер сомасына:

Дт	1895	Своп операциялары бойынша талаптар
Кт	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер;

2) сату бағамы есептік бағамнан төмен болған жағдайда:

Дт	5895	Своп операциялары бойынша шығыс
Кт	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер;

3) сату бағамы есептік бағамнан жоғары болған жағдайда:

Дт	1895	Своп операциялары бойынша талаптар
Кт	4895	Своп операциялары бойынша кіріс ;

4) шетел валютасындағы шартты талаптар мен шетел валютасын кері сатып алу бойынша теңгедегі міндеттемелер сомасына:

Дт	6405	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар (валюталық своп мәмілесі үшін бөлек жеке шот)
Кт	6905	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер (валюталық своп мәмілесі үшін бөлек жеке шот).

110. Валюталық своп мәмілесін ашу кезінде валюталау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сатылатын шетел валютасының сомасына:

Дт	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары;

2) сатылатын шетел валютасы үшін алынатын теңгедегі ақша сомасына:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	1895	Своп операциялары бойынша талаптар.

111. Валюталық своп мәмілесін әділ құны бойынша қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) оң айырма сомасына:

Дт	1895	Своп операциялары бойынша талаптар
Кт	4593	Своп операцияларын қайта бағалаудан кіріс;

2) теріс айырма сомасына:

Дт	5593	Своп операцияларын қайта бағалаудан шығыс
Кт	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер;

3) талаптар мен міндеттемелер сомасына:

Дт	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер
Кт	1895	Своп операциялары бойынша талаптар.

112. Валюталық своп мәмілесін жабу кезінде валюталау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) шетел валютасын сатып алуға жұмсалатын теңге сомасына және сатып алынатын шетел валютасының сомасына:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар

	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	1895	Своп операциялары бойынша талаптар;

2) шетел валютасын кері сатып алу бойынша шартты талаптар мен міндеттемелер сомасына мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт	6905	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер (валюталық своп мәмілесі үшін бөлек жеке шот)
Кт	6405	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар (валюталық своп мәмілесі үшін бөлек жеке шот).

113. Пайыздық своп мәмілесін жасау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) пайыздық свопты сатып алу кезінде шартты талаптар мен шартты міндеттемелер сомасына:

Дт	6240	Пайыздық своп
Кт	6740	Пайыздық своп;

2) пайыздық свопты сату кезінде шартты талаптар мен шартты міндеттемелер сомасына:

Дт	6240	Пайыздық своп
Кт	6740	Пайыздық своп;

114. Пайыздық свопты әділ құны бойынша қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) оң айырма сомасына:

Дт	1895	Своп операциялары бойынша талаптар (пайыздық своп мәмілесі бойынша міндеттемелерді есепке алу үшін тиісті қосалқы шот)
Кт	4593	Своп операцияларын қайта бағалаудан кіріс;

2) теріс айырма сомасына:

Дт	5593	Своп операцияларын қайта бағалаудан шығыс
Кт	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер (пайыздық своп мәмілесі бойынша міндеттемелерді есепке алу үшін тиісті қосалқы шот);

3) пайыздық своп мәмілесінің әділ құнының есепте тұрған оң/теріс түзету сомасына :

		Своп операциялары бойынша міндеттемелер (пайыздық своп

Дт	2895	мәмілесі бойынша міндеттемелерді есепке алу үшін тиісті қосалқы шот)
Кт	1895	Своп операциялары бойынша талаптар (пайыздық своп мәмілесі бойынша талаптарды есепке алу үшін тиісті қосалқы шот).

115. Пайыздық своп мәмілесі бойынша сыйақы есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) төленетін сыйақы сомасына:

Дт	5091	Басқа банктермен жүргізілетін операциялар бойынша сыйақы төлеуге байланысты басқа шығыс
Кт	2727	Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген шығыс;

2) алынатын сыйақы сомасына:

Дт	1753	Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген кіріс
Кт	4091	Басқа банктермен жүргізілетін операциялар бойынша сыйақы алуға байланысты басқа кіріс.

116. Кезеңдік төлемдерді жүргізу күні пайыздық своп мәмілесінің талаптарына сәйкес мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

алынған сыйақы сомасына:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	1753	Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген кіріс;

төленген сыйақы сомасына:

Дт	2727	Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген шығыс
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары.

117. Пайыздық своп мәмілесінің мерзімі өткен күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) пайыздық свопты сатып алу кезінде шартты талаптар мен шартты міндеттемелер сомасына:

Дт	6740	Пайыздық своп
Кт	6240	Пайыздық своп;

2) пайыздық свопты сату кезінде шартты талаптар мен шартты міндеттемелер сомасына:

Дт	6740	Пайыздық своп
Кт	6240	Пайыздық своп.

9-тарау. Хеджирлеу операцияларының бухгалтерлік есебі

1-параграф. Ақша ағынын хеджирлеуді есепке алу

118. Ақша ағынын хеджирлеуді есепке алу хеджирлеу құралы есебінде жасалған пайыздық свопты және хеджирленетін бап ретінде сатып алынған/орналастырылған борыштық бағалы қағаздарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Басқа қаржы құралдарын пайдалана отырып, ақша ағынын хеджирлеуді жүзеге асырған жағдайда бухгалтерлік есепті жүргізу осы параграфта көзделген тәртіппен және тиісті қаржы құралдарын есепке алу үшін Нұсқаулықта көзделген баланстық шоттарды пайдалана отырып жүзеге асырылады.

119. Сатып алынған актив немесе орналастырылған міндеттемелер бойынша сыйақы есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сатып алынған актив бойынша:

Дт	1744	Әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кіріс
	1746	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кіріс
Кт	4201	Әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	4452	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша сыйақы алумен байланысты кіріс;

2) орналастырылған міндеттеме бойынша:

Дт	5301	Айналысқа шығарылған облигациялар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыс
Кт	2730	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша есептелген шығыс.

120. Хеджирлеу құралын әділ құны бойынша қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) оң айырма сомасына:

Дт	1895	Своп операциялары бойынша талаптар
Кт	3589	Басқа да қайта бағалау бойынша резервтер;

2) теріс айырма сомасына:

Дт	3589	Басқа да қайта бағалау бойынша резервтер
Кт	2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер.

121. Хеджирленетін бап бойынша сыйақы түрінде есептелген кірісті алу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
Кт	1744	Әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кіріс
	1746	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кіріс;

хеджирленетін бап бойынша есептелген шығысты төлеу бойынша:

Дт	2730	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша есептелген шығыс
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар.

122. Своп мәмілесі бойынша кезеңдік есеп айырысуды жүзеге асыру бойынша мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) контрагенттен алынған сомаға:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
Кт	4201	Әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс
	4452	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша сыйақы алумен байланысты кіріс;

2) контрагентке төлем сомасына:

Дт	5301	Айналысқа шығарылған облигациялар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыс
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар.

2-параграф. Әділ құнды хеджирлеуді есепке алу

123. Әділ құнды хеджирлеуді есепке алу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) әділ құны бойынша хеджирлеу құралын қайта есептеуден алынған кіріс пен шығысты есепке алу Нұсқаулықтың 8-тарауында көзделген туынды қаржы құралдарын есепке алуға ұқсас жүзеге асырылады;

2) қаржылық есептілікте хеджирлеу құралдары бойынша кіріс пен шығыс хеджирленетін баптан кіріс пен шығыс көрсетілген пайда мен шығын туралы есептің сол тұрақты бабында көрсетіледі. Хеджирлеу операциясының тиімді емес бөлігіне жататын кіріс пен шығыс басқа да кіріс пен шығыс бабында көрсетіледі.

124. Таза инвестицияларды хеджирлеуді есепке алу осы тарауда көзделген ақша ағынын есепке алуға ұқсас жүзеге асырылады.

10-тарау. Төлем карточкаларымен және жол чектерімен жасалған операциялардың бухгалтерлік есебі

1-параграф. Төлем карточкаларымен жасалған операцияларды есепке алу

125. Төлем карточкаларын әзірлеуші ұйыммен жасалған төлем карточкаларын әзірлеу туралы шарттың негізінде төлем карточкаларын әзірлеу үшін ақы төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1867	Негізгі емес қызмет бойынша басқа да дебиторлар
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2013	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары.

126. Төлем карточкаларын әзірлеуші ұйымнан немесе эмитент-банктен алу кезінде алынған төлем карточкаларының құнына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	5922	Негізгі емес қызметтің басқа да шығысы
Кт	1867	Негізгі емес қызмет бойынша басқа да дебиторлар.

127. Клиенттің ағымдағы шотына ақшаны есептеу/аудару кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1005	Банкоматтар мен электрондық терминалдардағы қолма-қол ақша
	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2013	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары.

128. Банк төлем карточкасына қызмет көрсеткені үшін және басқа да қызмет түрлері үшін комиссиялық сыйақы есептеген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1810	Есептелген комиссиялық кіріс
Кт	4608	Басқа да комиссиялық кіріс

	4619	Төлем карточкаларына қызмет көрсету үшін комиссиялық кіріс.

129. Банк төлем карточкасына қызмет көрсеткені үшін есептеген сыйақыны төлеу күні мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	1810	Есептелген комиссиялық кіріс.

130. Клиент төлем карточкасын пайдалана отырып тауарларға және/немесе қызмет көрсетуге ақы төлеген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2013	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары.

131. Төлем карточкасы дебеттік-кредиттік болған жағдайда ақшаны төлем карточкасы бойынша дебеттік қалдық шегінде ағымдағы шотқа есептеу /ағымдағы шоттан есептен шығару жөніндегі операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу Нұсқаулықтың 127-130-тармақтары аралығында көзделген тәртіпке ұқсас болады.

132. Клиентке кредиттік карточка беру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

комиссия сомасына:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2013	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	4608	Басқа да комиссиялық кіріс

	4619	Төлем карточкаларына қызмет көрсету үшін комиссиялық кіріс;

клиенттерге берілген кредит лимитінің сомасына:

Дт	1403	Клиенттердің кредит карточкалары бойынша шоттар
Кт	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары.

133. Кредиттік карточка бойынша құнсызданудан болған шығынды жабуға резервтер (провизиялар) құру кезінде Нұсқаулықтың 47-тармағында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.

Бұдан әрі резервтер (провизиялар) азайған, кредиттік карточка бойынша борышты өтеу немесе баланстан есептен шығарған кезде Нұсқаулықтың 48, 49-тармақтарында көзделген бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.

134. Клиент кредиттік карточка бойынша төлемді жүзеге асырған кезде ақша сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2013	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары.

135. Кредиттік карточка бойынша берілген банктік қарыздар бойынша сыйақы есептелген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1740	Клиенттерге берілген қарыздар мен қаржы лизингі бойынша есептелген кіріс
Кт	4403	Клиенттердің кредиттік карточкалары бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс.

136. Клиент банктік қарыз бойынша есептелген сыйақы сомасын банкке өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1005	Банкоматтардағы және электрондық терминалдардағы қолма-қол ақша

	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2013	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	1403	Клиенттердің кредит карточкалары бойынша шоттар
	1740	Клиенттерге берілген қарыздар мен қаржы лизингі бойынша есептелген кіріс.

137. Клиент пен банк арасында жасалған банктік қарыз шартының мерзімі аяқталған кезде немесе бұзылғанда мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	1403	Клиенттердің кредит карточкалары бойынша шоттар.

2-параграф. Жол чектерімен жасалған операцияларды есепке алу

138. Жол чектерін сатып алған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт	1008	Жол чектеріндегі ақша
Кт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2013	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары,

бір мезгілде баланстан тыс есепке алуда:

Кіріс	7339	Әртүрлі құндылықтар және құжаттар.

139. Жол чектерін сату кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
Кт	1008	Жол чектеріндегі ақша,

бір мезгілде баланстан тыс есепке алуда:

Шығыс	7339	Әртүрлі құндылықтар және құжаттар.

140. Жол чектерімен операциялар бойынша комиссиялық кіріс сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
Кт	4608	Басқа да комиссиялық кіріс.

141. Банк жол чектерін инкассоға қабылдаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) ақысы төленген жол чектері бланкілерінің шартты құнын баланстан тыс есепке алуға кіріске жазу кезінде:

Кіріс	7339	Әртүрлі құндылықтар және құжаттар;

2) жол чектерімен жасалған операциялар бойынша комиссиялық кіріс сомасына:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
Кт	4608	Басқа да комиссиялық кіріс;

3) инкассоға қабылданған жол чектері бойынша келіп түскен және клиенттің ағымдағы шотына есептелген өтеу сомасына:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
Кт	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары;

4) жол чектері бланкілерінің шартты құнын баланстан тыс есептен шығару кезінде:

Шығыс	7339	Әртүрлі құндылықтар және құжаттар.

11-тарау. Банктік кепілдіктермен жасалған операциялардың бухгалтерлік есебі

1-параграф. Клиент міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етусіз берілетін банк кепілдіктерін есепке алу

142. Клиент міндеттемелерін қамтамасыз етусіз берілетін банк кепілдіктерін беру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) берілген банктік кепілдік бойынша шартты талаптар мен міндеттемелер сомасына:

Дт	6055	Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал талаптар

Кт	6555	Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал міндеттемелер;

2) шығарылған банктік кепілдіктің әділ құнына:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
Кт	2869	Берілген кепілдіктер.

143. Шығарылған банктік кепілдіктер бойынша алғашқы танылған міндеттемелердің амортизациясы кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2869	Берілген кепілдіктер
Кт	4606	Кепілдіктермен жасалған операциялар бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кіріс.

144. Банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі өткен, кепілдік шарты жойылған немесе бұзылған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) берілген банктік кепілдік бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт	6555	Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал міндеттемелер
Кт	6055	Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал талаптар;

2) амортизацияланбаған комиссиялық сыйақы сомасына:

Дт	2869	Берілген кепілдіктер
Кт	4606	Кепілдіктермен жасалған операциялар бойынша қызмет көрсету үшін комиссиялық кіріс.

145. Берілген банктік кепілдік бойынша міндеттемелерді реттеу үшін резерв құру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

Дт	5465	Шартты міндеттемелер бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру шығысы
Кт	2869	Берілген кепілдіктер.

146. Берілген банктік кепілдік бойынша міндеттемелердің реттелуі бойынша бұрын танылған резервтің азаюы кезінде резервтің азаю сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	2869	Берілген кепілдіктер
		Шартты міндеттемелер бойынша құрылған резервтерді (

Кт	4958	провизияларды) қалпына келтіруден кіріс.

147. Банк банктік кепілдік сомасын немесе оның бір бөлігін төлеу туралы кредитордың талабын алған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

төлем сомасына:

Дт	2869	Берілген кепілдіктер
Кт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары,

бір мезгілде, берілген банктік кепілдік бойынша шартты міндеттемелердің азаю сомасына:

Дт	6555	Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал міндеттемелер
Кт	6055	Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал талаптар.

Егер кепілдік шартының талаптарында клиент банк төлеген соманы оның кредиторының пайдасына өтеуі көзделген болса, мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1861	Кепілдіктер бойынша дебиторлар
Кт	4958	Шартты міндеттемелер бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден кіріс.

148. Клиент банктік кепілдік бойынша төленген соманы өтеу кезінде нақты алынған ақша сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2205	Жеке тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары
	2211	Заңды тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары
	2215	Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары

	2217	Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
Кт	1861	Кепілдіктер бойынша дебиторлар.

2-параграф. Ақшаны кепілге қою арқылы берілген банктік кепілдіктерді есепке алу

149. Ақша кепілімен берілген банктік кепілдікті беру кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

берілген банктік кепілдік бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт	6055	Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал талаптар
Кт	6555	Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал міндеттемелер;

кепілдік шарты бойынша клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде қабылданған ақша сомасына:

Дт	1001	Кассадағы қолма-қол ақша
	1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
	1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
	2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
	2205	Жеке тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары
	2211	Заңды тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары
	2215	Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
	2217	Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
Кт	2223	Заңды тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым.

Бір мезгілде, банктің балансында банк кепілдігінің әділ құны сомасына Нұсқаулықтың 142-тармағының 2-тармақшасында көзделген бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады.

150. Банктің есеп саясаты белгілеген кезеңділікпен шығарылған өтелген (қамтамасыз етілген) банктік кепілдік бойынша алғашқы танылған міндеттеменің амортизациясы жүргізіледі және Нұсқаулықтың 143-тармағында көзделген бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады.

151. Банктік кепілдіктің кредиторларға талап қоймай қолданылу мерзімі өткен, кепілдік шарты жойылған немесе бұзылған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) кепілдік шарты бойынша клиенттің міндеттемесін қамтамасыз ету ретінде бұрын қабылданған ақша сомасына:

